

Өтек ауылы көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Өтек ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 шілдеде № 3-7-108 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің орыс тілдегі атауында және бүкіл мәтін бойынша "аульного", "аула" деген сөздер тиісінше "сельского", "села" деген сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Өтек ауылдық округі әкімінің 10.12.2014 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Өтек ауылдық округі әкімінің 30.03.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Өтек ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 1 маусымдағы № 2 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Өтек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Өтек ауылдық округі әкімінің 30.03.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Өтек ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:
 - 1) Желтоқсан көшесі;
 - 2) Есет батыр көшесі;
2. Өтек ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:
 - 1) Ленина көшесі - Астана көшесі;
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

О.Байтулиев